

NEWS

OF THE NATIONAL ACADEMY OF SCIENCES OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

SERIES OF SOCIAL AND HUMAN SCIENCES

ISSN 2224-5294

Volume 1, Number 299 (2015), 266 – 273

SOCIAL CONTRADICTIONS IN THE PLAYS OF ZHUSIPBEK AYMAUYTOV

T. S. Tebegenov

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan.
E-mail: tebegenov@mail.ru

Key words: word, art, prose, drama, literature, values.

Abstract. Plays of Zhusipbek Aymauytov are the eternal values of independent Kazakh people. Verbal creativity of Kazakhs in prose, drama in the tradition of classical literature are given psychological analysis, described fine-aesthetic image.

ЖҰСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ПЬЕСАЛАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК ҚАЙШЫЛЫҚ ШЫНДЫҒЫ

Т. С. Тебегенов

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

Тірек сөздер: сөз, өнер, проза, драматургия, әдебиет, казына.

Аннотация. Қазақ сөз өнерінің проза, драматургия салаларында классикалық әдебиет дәстүріндегі психологиялық талдау, саралау көркемдік-эстетикалық тәсілін енгізген, сол арқылы ұлттық әдебиеттің көркемдік сипатына суреткерлік-ойшылдық деңгейге көтерген Жұсіпбек Аймауытов пьесалары – біздің Тәуелсіз Қазақ Елінің мәнгілік құндылық қазынасы.

Жазушының «Мансапқорлар» пьесаның тақырыптық арқауы – әлеуметтік ортадағы жеке адамдарға тән дүниетаным қайшылығы. Пьесаның идеялық-композициялық желісінде әлемдік драматургиядағы классикалық дәстүрлі көркемдік тәсіл – тұрмыстық қарым-қатынастардағы қақтығыс, тартыс шындығын таныту басты назарға алынған. Драматургиядағы кейіпкерлер дүниетанымы негізіндегі болатын қақтығыстар тоғысқан тартыс – әлеуметтік ортадағы жеке адамдардың іс-әрекеттері, ойлау деңгейлері арқылы танылатын ерекшелік.

Академик Зейнолла Қабдолов айтқандай: «Драмадағы ең шешуде нәрсе – тартыс. Көлемді эпикалық шығарманың сюжеті секілді, драмадағы тартыстың да кезең-кезеңдері – басталуы мен байланысы, шиеленісуі мен шешімі болады; драматургиялық шығармалардың классикалық үлгілерінде бұл кезеңдер композициялық жағынан шебер қыстырылып, оқиғаны өрбіту тәртібі жазылмаған заң ретінде сақталған» [1, 219-б.].

Жұсіпбек Аймауытовтың осы «Мансапқорлар» пьесаныңдағы сюжеттік-композициялық тартыс желілерінің жүйесі саралана көрінеді: бірінші кезеңі – көп жылдар бойы болыс қызметіндегі 55 жастағы Қасқырбайдың, оның ақылшысы Сулаймен молданың билік қызметімен қарабастарына пайда табуды ойлаған тоғышырлық-mansapқорлық әрекеттерінің асқынған кезеңді Қасқыrbай болысты Қожантай қажының жалғыз торы жорға атын, онымен қоса бір ірі қара малын, беруін тlap еткеніне, мал жинаудан басқаны білмейтін надан Кебекбай байдың жылқысындағы шұбар айғырын тартып алғаны, Әбділ ауылнайдан қара қасқа кедейлерден алым-салық тез жинауды бітіруін талап еткені, өзінің тілмашы, туысы Мұсілім туралы ойлары («Бұл – аса сүм бала. Құлығы біздің ар

жағымызда. Мен ағалық қылып тежеп тастаған боламын. Еркіне жіберсең, біздің сыртымыздан сатып жіберер. Осының арамзалығын мен ерте сезгемін ғой. Оқып шықса тәбемізді тесер деп, осынша оқытпаймын деп арпалыстым, болмады. Қашып кетіп, оқып шықты) [2, 451-б.] да, өзінің ақылшысы Сүлеймен молдаға берген бағасы («Алмай кім жолдас болады дейсің! Бәрінің бір құлқыны, бір тамағы!) [2, 453-б.] да – бәрі де халыққа қорған толуы тиіс лауазым иелерінің көркем жинақталған тұлғаларын даралайтын нағыз қорқау, ашқөз піғылды сұмырайлық болмысын байқатады. Пьесаның «Он үшінші көрінісіндегі» болыс Қасқыrbайдың монологы арқылы өмір кезеңдерінің бәрінде де кездесетін қарау, ашқөз, дүниеконыр піғылдың мансабы арқылы орындастын жемқор билік иелерінің көркем шындықпен жинақталған болмысын сыншыл реализм суреттеуі тәсілімен көз алдымызға экеледі:

«Біраз ел жемей азулы болмайсың. Азулы болмай дәулет табыла ма? Бақ, атақ, дәулет – көздің жасы ғой... елді ойлағанда кейде жаның қынжылады... Қанша бақты болсан да, жүргегінің басынан бір тікен кетпейді. ... Нәпсі шіркін, тағы шыдамайды, алмай тұра алмайсың... Қайтесің, ел жеген жалғыз мен емес. Қазақтың жақсыларында бұрынғы-сонғы ел қанамағаны болды ма? Біз солардан артықпыз ба? Мен алмағанмен біреуі алады... Құдай бізді алуға жаратты, дүние – күштінікі...» [2, 455-б.]

Пьеса құрылсындағы тартысқа өзек болған екінші желі – тілмаш, болыстың туысқаны, болыс болуды армандал, ақыры сол мұратына жеткен Мұсілімнің іс-әрекеттер. Ол Қасқыrbай болыстың жас әйелі Күләндамен көңілдес болып, соның қолымен қымызызға у қосып ішкізіп болысты өлтірген, өзімен пікірлес Қожантай қажыны, Қебекбай байды, Әбділ ауылнайды етіп тағайындал, сайлауда басқа да тілеулестерін ұйымдастырып ақыры болыс болып сайланады.

Пьеса сюжетіндегі тартыстың үшінші кезеңінде ойнасы, көңілдесі Мұсілімнің жұмсауымен күйеуі Қасқыrbай болысқа у қосылған қымыз берген Күләндамың мекер болмысын, енді өлгелі жатқан болыстың сайлау өткізетін начальникке парага беруін тапсырған ақшасын бермей өзі олжа еткен («Бермегенім макұл болған екен: (Ақшаны көкірегіне басып). Мың сом! Бір мың сом! Қандай нәсіп!» Біреу өлмей, біреу күн көрмейді» деген осы. Мың сом менің қолымда қалғанын Алла тағала бергісі келгенде, қайдан береді?! Құдіретіне шәк келтіруге бола ма?») [2, 467-б.] өлген болыстың жаназасынан да пайда табуды («Малды үш тоғыздан кем шығармас. Жаназасын Ысқақ қазірет шығарады ғой. Біздің жолымыз сүйекке түсу болар. Жақсы ішкітердің бірін соқсақ жарап еді...») [2, 467-б.] ойлаған екіжүзді дүмшіе молдасымақтың сұмпайы келбетін танимыз. Пьеса кейіпкері Қебекбай байдың да болыс тартып алған шұбар айғырын алу үшін жалынып-жалбарынып, билік иесінің аяғына жығылып, тіпті мал үшін баласының өлімін тілеуші міскіндік-сұмпайылық, жиіркенішті сықптыынан тұңғлеміз: «Қебекбай. ... Мені өлтірдің ғой, қатын-балага табашы қып, күнде өлтіргенше, бір жола өлтіріңіз! Өзініз бауызданыз! Айттын жаным да жоқ, міне, басым! (Болыстың аяғына жығылады).

Болыс. Тұр әрмен! Айбарын қарашы тәбеттің!

Қебекбай. Таксыр-ай! Жаныма теңеп жүрген жануарым еді. Айғырымды, алғаннан баламның біреуі өлгені жақсы еді» [2, 456-б.]

«Мансапқорлар» пьесасының көркемдік түйіні – лауазымды қызметін иелену үшін хакім Абайдың «Күлембайға» атты өлеңіндегідей («Болыс болдым, мінеки, бар малымды шығындал, түйеде қом, атта жал қалмады елге шығындал») адамдардың элеуметтік ортасындағы ғасырлар бойы үздіксіз жүріп келе жатқан қактығыс сипатын қазақ тұрмысы мысалымен де дәйектеу. Пьесаның үшінші көрінісіндегі Қасқыrbайдың болыстың орнына сайлану қарсаңында тұрган, тілмашы, туысы Мұсілімнің монологы өмір шындығының осындай қайшылықты сырын ұғындырады:

«Мұсілім (түрегеліп тұр, ауыр ойда). Елдің бетін өзіме қараттым, елубасыны алдым, енді бірақ өткел қалды. Ол өткел – нашалнікке жолықтырмай Қасқыrbайды бір жайлы қылу. Нашалнікке жолықса, ол әкетеді. Парага сойылмайтын ұлық жоқ. (Жүргегін басады). Жүргегім ұшып барады. Көзіме бақ елестейді» [2, 459-б.]

Ал, Қасқыrbай тағы да болыстыққа қайта сайлануы үшін ақылшысы Сүлеймен молдамен кеңесіп, өзіне қарсы болуы мүмкін Қожантай қажымен құда болуды, Қебекбайдың қайтарылған шұбар айғырына қоса барлығы 200 сомға тағы да ақша үстемелеуді, ал қатыны өлген ауылнай Әбділге ауылдағы Байжанның қашып келген қызын алыш беруді жоспарлайды.

Пьесаға негізгі поэтикалық желі болған осы әлеуметтік-тұрмыстық тартыс әрекеттері аясында бір ортада өмір сүріп жатқан адамдар ортасындағы жеке бастың мүддесі, мансабы үшін бірін-бірі өлтіруді, қанауды, алдан-арбауды ғана қолданатын қатыгездік, жауызыдық-жендеттік пиғыл иелерінің жинақталған бейнелерін (Қасқыrbай, Мұсілім, Құлөнда, Сұлеймен) танимыз. Бұл – суреткер жазушы драматург Жусіпбек Аймауытовтың пьесадағы идеялық ұстанымын жүзеге асырудагы психологиялық-көркемдік тәсілі.

Жазушының төрт перделі он көріністі «Қанапия мен Шәрбану» пьесасының тақырыбы – XX ғасырдың 1916–1917 жылдарындағы казақ ауылшының тұрмыстық-әлеуметтік тынысы, идеясы – адам құқығының сакталуындағы әлеуметтік тартыс сипаттың бағалау.

Пьесадағы әлеуметтік тартыс арқауы – тіршілік қозгалысындағы әйел мен ерек одағы құрылуы жолындағы тұрмыстық қақтығыстар. Момын қара шаруа Исадай мен оның қатыны Ұмсынайдың 18 жастағы қызы Ұмсынайдың, 22 жастағы ұлы Ынтықбайдың тағдыр талқысына ұшыраған хал-ахуалы уақыт шындығы аясында бейнеленген. Ресей патшалығының 1916 жылғы бірінші дүниежүзілік соғыс майданының қара жұмысына бару тізіміне ұлы Ынтықбайдың бармауы үшін орнына баратын адамға үш мың сом беру үшін Исадайдың Сазамбай байға Шәрбануды беруді ұйғаруы – тағдыр тәлкегінің көрінісі. Пьесаның сюжеттік даму желісінде Сазамбайдан алған ақшаның бәрібір пайдасы тимей, ақырында озбыр байға кіріптар болып қалған аянышты хал-ахуалды көреміз:

«Ынтықбай. (Кейіп, қынжылып). Құдайдың құдіреті-ай, жоқ жерде мына Сазамбай деген жауыздың қармағына ілініп қалдық. (Шәрбану құрсініп, мұрнын сінбіріп қояды). Ол иттің ақшасы да босқа кетті. Қайдан білейін ағайымның қалай құтылатынын. ...

Шәрбану (мұнайып). Ағатай, берген ақшасы қанша қараның сомасы болады?

Ынтықбай. Он бес – жиырма қараның сомасы болар.

Шәрбану. Біздің үйдің бар малы жетпейді екен гой...» [2, 485-б.]

Пьеса сюжетінің шиеленісті сөтінде Ынтықбайдың да, Шәрбанудың ғашығы Қанапияның да майданының қара жұмысына ақыры аттанғанын, олар кетісімен Сазамбайдың қоңсылары, отаршылары Итбастың, Ораздың бейқам отырган Шәрбануды зорлықпен көтеріп алғып кеткенін көреміз. Жазушы осы арада қазақ тұрмысындағы осылай адамдарды байлап-матап күштеп алғып кететін зорлықшылдардың қарақшылық дәстүрі бар екендігін тарихи шындық аясына суреттеген. Ал, Сазамбай байдың және оның бәйбішесі Қалираның зорлықпен экелінген Шәрбануды қорлауынан, балағаттап ұрсып орынсыз айыптауларынан адам құқығын аяққа басқан, әлсіз, кіріптар адамдарды қорлайтын қатыгездік-жауыздық, мейірімсіздік ұстанымындағы адамдар психологиясының болмысын танимыз.

Пьеса сюжетінің шарықтау ішінде Дуана кейіпінде келіп, Шәрбануды құтқарған оның сүйгені, ғашығы Қанапияның азаматтық ерлігі көрінеді.

Пьеса сюжетінің осы жерінде жазушы кейіпкерлердің диалогтарымен психологиялық егіздеу тәсілін қолданған. Оқырман-көрермен де ортақтасатын психологиялық егізделген болмыс суреті әсерлі:

«Шәрбану. Жасаған-ай! Жеткізе гөр. Құтқараған-ай, жасаған!

Қанапия. Құн ұясына кіріп барады. Құнбатыс сары алтынға боянғандай, жарқырап тұр. Даға майдай жылы. Баяулаған өкпек желдің ғана лебі білінеді. Шыбын ызылдан, торғай шырылдан жүр. Несін айтасың кісі тонатын емес! Тузге шыққан болып кезеңнің астына тұс! Мен де сол жерде атыммен күтіп алармын» [2, 498-б.]

Пьесаның сюжеттік шешімі – әлеуметтік тартыс ортасындағы жақсылықтың женіске жеткені. Зорлықшылдың сойылын соқ қандар Итбастың да, Ораздың да тергеу кезіндегі мұсәпірлік, місқіндік, бишаралық жағдайдағы әрі күлкілі, әрі жиіркенішті сөздері, қылықтары, ал Сазамбай байдың екі ғашықтың аяқтарына жығылып кешірім сұрауы тұрмыс-салт шындығы негізінде берілген:

«Сазамбай. Жығылайын, жығылайын! (Қанапия, Шәрбанудың алдына барып, тізесіне жығылып, аяқтарына басын қояды). Балалар, менен білместік болды, бір шалды қайтесіндер, кешіріндер, балалар!

Итбас. Мені де кешірініздер! Нашар адам едім!.. (О да жығылады).

Қанапия. (Шәрбануга, Ынтықбайға қарап бастарын изеп). Біз кештік!» [2, 513-б.]

Пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі кейіпкерлердің психологиялық мінезделуінен, қақтығыстар, тартыстар жүйесінен жазушының адамдардың жан ділі өзгешеліктерін даралап, танытатын суреткерлік тәсілдері айрықша байкалады. Әсіресе, пьеса көріністеріндегі кейіпкерлер диалогтарының, монологтарының араларында беріліп авторлық ремаркалар да қаламгердің психологиялық бейнелеулерді қолданатын суреткерлік шеберлігін айқындаі түседі.

Жазушы – драматургтің «Шернияз» пьесасының тақырыбы – XX ғасырдың бас кезіндегі қазақ даласының тұрмыстық-әлеуметтік хал-ахуалы, идеясы – Қазак Елін әлем өркениеті дамуы жетістіктері деңгейін көтеру ұстанымындағы даласын, халқын сүйгек қазақ ақынының бейнесін даралау, мінездеу. Сахналық бес көріністі, екі перделі пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі негізгі тартыс арқылы шынайылық пен арамзалық-екіжүзділік арасындағы қақтығыстар, қайшылықтар айқындалған.

Пьесаның эпиграфы – арнауы етіп алынған автордың өзінің және Сұлтанмахмұт Торайғыров шумақтарын қосылып білдірген арнау сөзі Алаштың ақын қайраткерлерін түптүлға (прототип) еткен көркемдік шешім болмысын анғартады:

Шернияздың шері бар,
Шерлі қалған елі бар.
Кезінде қанды селі бар,
Аузында зарлы желі бар,
Ел ниязы – Шернияз.
Қаранғы қазақ көгіне,
Өрмелеп шығып Күн болам.
Қаранғылықтың кегіне
Күн болмағанда кім болам? –

деп өрттей лаулап келе жатқанда, ажал оғына тап болып, арманына жете алмай, жастай кеткен Арқаның арқар жанды, аскар жүректі, аяулы ақыны Сұлтанмахмұт Торайғырұлының аруағына арнаймын [2, 514-б.].

Пьеса сюжетіндегі негізгі тартыс – екі түрлі дүниетаным иелерінің тіршілік қозғалысы ортасындағы пікірсайыстары, іс-әрекеттері, құрделі тағдырлы мінезд-құлышқ психологиясы өзгешеліктері арқылы дәлелденген. Пьесаның басты кейіпкерлері Шернияз бен Базарбай – екеуі де оқыған жігіттер. Қазактың кен-байтақ даласын, жұлдызды аспанаң, сәүлелі Айды, нұрын төккен Күнді, тауларды, көкорай шалғынды, жұпар иісі даланы, бетегелі белдерді, бұлбұлдары сайраған бақтарды, сылдырлап ақкан бұлактарды, т.б. – саналуан нақышты көркемдік пен үйлесімдер орын алған қазақ сахараасының, көшпелілер мәдениетінің ғажайып суреттері ақын-драматург кейіпкері Шернияздың өлең үлгісіндегі көркем кестелі монологтарымен төгіледі:

Шернияз (омырауын ағытып, сыйбанып, серпіп!
«... Мынау тұрған көк күмбездей көк шатыр,
Жымындаған мерузерттей көп жұлдыз.
Сары табактай жарқыраған сұлу Ай,
Анау жатқан ұлан-байтақ кен дала,
Санғыраған салауатты сандал тау,
Бұта сайын бұлбұл құсы сайраған,
Жұпар иіс, жасыл гүлі жайнаған.
Осы отырған майда талды сай бұлак,
Осыларды көрмей қалай шыдарсың?
(Базарбайды тұртіп. Өне тында!).
Қой күзеткен баланың әні естіледі).
Қалай сыңғырлаған күміс не болат,
Неткен таза, неткен тәтті, неткен зат?
Тау, сай, дала – бәрі – үн қосып сыңғырлайт.
Шернияз (әндetedі).
«Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық алтын, қайтып келмес күнімде,
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер!

Жаратылды топырағынан сен түбім,
Жалғаны жоқ, бәрі сенде жан-тәнім,
Сенен басқа жерде маған караңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым – сен Күнім» [2, 515-516-бб.].

Пьеса кейіпкері Шернияз – ұлтын жан-тәнімен сүйген, қазақтың ұлттық-этнографиялық салт-дәстүрлерін, әдет-ғұрыптарын, ару қыздарын ардақтаған, мақтаныш тұтатын ұлттыл-отаншыл азаттың көркем шындықпен бейнеленіп дараланған тұлғасы. Шерниязының бірге оқиған ауылдасы Базарбаймен болған пікірсайысындағы қазақ аулының ұлттық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты сақтаған ата-бабалық рухани құндылық ордасы екендігі айшықталада бейнеленген:

«Шернияз.
... Ауыл деген естен шығып кетілті,
Шіркін, қырдың ән-күй, сауық-сайраны,
Еркіндікті, ерлікті еске салғаны.
Базарбай. Серке тартқан көкпарды мен ұнатам.
Шернияз.
Күрес, жарыс, алтыбақан, аксүйек,
Сокыр теке, кара құлақ, әйгөлек.
Айт пен тойда қыз қуатын қызығы,
Неше түрлі ойындарды істеуші ек,
Қыз-бозбала отырысып дөңгелек. [2, 516-б.]

Пьесадағы екі түрлі көзқарас тартысының арқауында қазақ қызының көркемдік-эстетикалық таным аясындағы биологиялық сипаты мен этикалық-моральдық қасиеттер тоғысындағы бейнесі де баяндалған. Базарбайдың қаладағы әйелдердің, қыздардың театрға барып көніл көтеретінін, көнілдестерімен кездесетін, кештердегі билейтін дағыларының қазақтың ұлттық мінез-құлық психологиясына жат, әдепсіз қалпына автор басты кейіпкер Шерниязының монологтарымен синшил, салыстырмалы бағалаулар жасайды:

«Шернияз.
Қаланың театры, музыкасы,
Әйелдің келгірсіген қылмандасты.
Көніліме кейде менің мұн салады,
Бәрі алдау, бәрі сауда, қадам басы.
... Сол айқан қызығына бармас едім,
Көзімді бұрың белге салмас едім.
Соның бәрін қырдағы кара көздің
Жаудырап бір қарасына алмас едім [2, 517-б.]

Пьеса кейіпкерлерінің пікірсайысы – тартысы желісінен қазақтың ұлттық болмысын, мәңгілік асыл әдет-ғұрыптың, ұрпактарды өмірге әкелетін қыз, әйел аруларды ардақтаған қазақ зиялышының – қайраткерінің жан ділі болмысымен дидарласамыз.

Пьесаның сюжеттік-композициялық желісіндегі басты қайшылық-тартыс – қазақ қыр қызын мадақтаған («Қарап қалса көзіне жұмақ лебі енеді, бойынды бір бу жеңеді. Тұнғық терең сырғы бар, бейне бір гауһар нұры бар, дариға, сондай есіл көз жаманға кез келеді. Енді бірі – бота көз, айнаны көр де, оны көр бейне бір моншақ мөп-мөлдір, барлық ойы, жүргегі көзінде оның сайрап тұр. «Айналайын көзінен жаутандаған» дегізіп жанынды билеп жатқан нұр») [2, 517-518-бб.] Шерниязының сөйлеген сөздеріне, ұлттық құстаннымына қайшы іс-әрекетін көреміз. Бұл – осы пьесадағы Шерниязының сөзі мен ісіндегі керегарлықтың көрсете отырып, сол кезеңдегі Алаш зиялыштарын сынау. Қазақтың мемлекеттік дербестігін, ұлттық болмысын сақтау жолындағы ғылыми, әдеби, оқу-ағарту, саяси-әлеуметтік майдандарында жанкешті жұмыстарын атқарған Алаш зиялыштарының, ақын-жазушыларының бірқатары орыс, татар қыздарымен бас қосқандары немесе ауылдағы ақ некелі әйелдерін тастап, қаладағы оқыған қыздарға үйленгендері мәлім. Бүтінгі ұрпактың көзқарасымен бағаласақ, басқа ұлтқа үйленген Алаш қайраткерлерінің істерінің сәтсіз болғаны, бүкіл халықтың олардың артынан ере қоймағаны да осы себептен болуы мүмкін-ау!?

Пьеса сюжетінің шиеленісті кезеңінде Шоқан есімді ұлы бар Шернияздың сол перзентінің анасы, ақ некелі әйелі жасы он жетідегі қыр қызы Раушанды отырса опак, тұрса сопақ еткендей іс-әрекетін Шернияздың және Раушанның жеке қалған кездеріндегі монологтарынан сезінеміз:

«Шернияз.
Надандық қой-ау, бұл. Түк ес жоқ.
Газет, қағаз жиомен жұмысы жоқ.
Мен-зен болып, езіліп отырғаны,
Ертеден қара кешке іс тіге ме,
Кыз-қатынмен сейлесіп бос журе ме,
Жоннан-жонға шығандап бос кете ме,
Бипазданып жұмысы бір бітпейді». [2, 525-б.].

Осындаған ашулы көніл-күйдегі Шерниязға Раушан ұсынған қалпағын жұлып алғып шығып кеткеннен кейінгі оңаша қалған Раушанның монологы да пьеса желісіндегі қайшылықты жағдайды көз алдымызға айқын байқатады:

«Раушан (ойланып).
Киімін әперсең де жаратпайды,
Қолына су құйсан да жаратпайды.
Кірі жаман жуылса тағы пәле,
Ішкен асың бойына таратпайды,
Құдай-ау, бұған енді қалай жағам,
Осының бабын, Тәнірі, қалай табам?!

Қабағына карап-ақ отырамын
Неге тарыққанына қайран қалам.
Көніліне әлде бөтен ой кірді ме,
Қалаға кетуге, әлде бой ұрды ма,
Әлде онда менен өзге жары бар ма?
Әлде қырдың қызығы тойдырды ма?!» [2, 525-б.].

Пьеса сюжетінің ең шиеленісті жері – нағыз ұлттыл-отанышыл кейіпкеріміз Шернияздың жиырма бірдегі оқыған қызы Жәмиланы екінші қатыны еткені. Ал, сөз арқауындағы оқыған жігіт Базарбаймен ойнас-көнілдес болып жүрген Жәмиланың Шерниязға қатын болып жүріп-ақ – Базарбаймен көнілдестігін-ойнастығын үзбегені оқиғаның шарықтау шегінде жүрт алдында әшкере болады. Ал, қыр қызы, бірінші қатыны, Раушанды жақтырмай, бірақ одан тұған перзенті Шоқанға Шерниязды еміренуі, қазіргі ойнаскор қатыны Жәмиламен бірге баласымен де бірге болуды ойлауы – пьеса кейіпкерінің адасқан трагедиялық хал-ахуалының көрсеткіші. Жұсіпбек Аймауытов суреткерлігінің психологиялық шынайылығы адам болмысының осындағы құрделі қайшылықтардан құралатынын дәлелдеуімен ерекшеленеді. Суреткердің Шернияз бейнесіндегі дүниетаным ұстанымы қайшылығын-тартысын осылайша бейнелеуі – далалық ұлылықты, халықтық материалдық және рухани құндылықты жалмап келе жатқан рухани дағдарысқа, адасуға ұрындыратын еуроцентристік-шовинистік ғаламдастырудың зардалтарын айыптау, әшкереleу. Үшінші сахналық көріністің басталуындағы Шернияздың екінші дәл-сал қүйдегі монологтарынан ұлттық-халықтық дала құндылықтарын бағалаудан айыла бастаған маргиналдардың пайда бола бастауын, келе-келе адамгершілік-имандылық, ұлттық-отанышылдық қасиеттерден жүрдай болған үрпақ болатын уақыт шындығы дәлелденген:

«Шернияз.
Бір кезде қырда көп шырайлы.
Мұнар тауы, күміс Айы.
Сары даласы, бұлак сайы.
Бейне бір жұмақ тәрізді ед.
Нәресте табигат қойнында,
Нәрестедей таза жанды
Ел бар ғой деп ойлаушы ем.

Дос та, жар да, махаббат та
Елде ғой деп барлаушы ем.
Жүргім елді кездірді
Бұзылған елден бездірді
Енді маған сұм қаланың
Бақшасы ұжмақ тәрізді.
Бақшадан бақ, дос күтемін
Әйтеуір келем сандалып.
Ел-жұртыңа қызмет ет!», – деп,
Ар-намысым коймады.
Қызмет еттім,
Азап шектім,
Жемісін көзім көрmedі,
Жақсылығым босқа кетті,
Дос-жараным жау бол шыкты,
Күйзелгенім білер бір жан жоқ,
Көзім жасын көрер бір жан жоқ.
Бұл корлықта жүргенімше,
Ит әуре бол өлгенімше,
Ең болмаса өз басыма
Бакыт іздең байқайын» [2, 531-6.].

Пьеса сюжетінің ең шарықтау шегіндең екінші қатыны Жәмила мен бірге оқыған замандасты Базарбайдың құшақтасып сүйісіп тұрғанын көрген, өзі тастап кеткен бірінші қатынынан туған ұлы Шоқанның өлген трагедиялық жағдайлар тоғысындағы Шерниязың дағдарыс сәтін көреміз. Бұл – дала мен қала өркениеті тоғысында тұрған азаматтық-ұлттық қайраткерлік қызметі мен отбасылық-тұрмыстық мәселелерінде күрделі қайшылықтарға, дағдырыстарға ұшыраған қазақтың оқыған зиялыштарының көркем жинақталған бейнесі.

Жұсіпбек Аймауытов драматургиясындағы классикалық дәстүрдің сакталуында қаламгердің XX ғасырдың 20-жылдарындағы қазақ театр өнерінің қалыптасуына аталған пьесаларымен үлес қосқаны Смағұл Саудақасұлының «Ұлт театрына бір жыл» мақаласындағы деректі пікірімен дәйекті: «Осы күнгі Қазақстанның белгілі жазушыларының көбі пьесадан күр емес. Әуезұлы, Аймауытұлы, Сейфоллаұлы Сәкеннің пьесалары ауызқа аларлықтай болып қалды. Әуезұлының «Еңлік–Кебек», Аймауытұлының «Шернияз», «Мансапқор», Сәкеннің «Қызыл сұңқарлары» орыстың шебер тілмен жазылған пьесаларымен таласуға әбден жарайды» [3, 67-б.].

Драматургиядағы классикалық дәстүрдің сакталуы мен дамытулыу және суреткерлік дүниетаным сипаты пьесалардағы поэтикалық-психологиялық мәтіндік-мегзеулік астарлардан аңғарылады. Жұсіпбек Аймауытов пьесаларынан оған дейінгі әлем драматургиясындағы көркемдік тәсілдердің өзіндік мәнермен шеберлікпен қолданылуын байқаймыз. Пьесалардың көлемі, сюжетке негіз болған кезеңнің ұлттық-этнографиялық болмысы, адамдардың әралуан мінез-құлық ерекшеліктерінің күйін, жүріс-тұрыс, сөйлеу мәдениеті арқылы дараланатыны, шығармалар кейіпкерлерін ұнамды және ұнамсыз қасиеттерімен кешенді психологиялық құбылыстарымен, қасиеттерімен біртұтас алып бейнелеу, сахналық қойылымға лайықталған көріністерді, қимыл-қозғалыстарды, мимикалық құбылыстарды, т.б. – бәрін де кешенді қамтитын драматургия заңдылықтарының сакталуы – Жұсіпбек Аймауытов драматургиясына тән сипат. Бұл орайда, біз белгілі қазақ драматургиясы шығармаларының ұлттық театр сахналарында қойылуының тарихын, теориясын іргелі зерттеулерімен жүйелеген ғалым Б. Құндақбаевтың пікірін басты назарға аламыз: «Төңкеріс қарсандында және одан кейін Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Қ. Кеменгеров, М. Әуезов, С. Сейфуллин, Ж. Шанин, т.б.-дың алғашқы драмалық шығармалары ұлттық драматургия жанрының негізін қалады. Еуропалық үлгідегі драматургияның қыры мен сырын менгеруге қазақ топырағында алғаш рет ден қойған – Аймауытов. Оның тұнғыш үш пьесасы («Рәбига», «Мансапқорлар», «Қанапия–Шәрбану») 1916–1917 жж., ал «Ел қорғаны», «Шернияз», «Сылан қызы» 1920–1925 жылдар ішінде жазылған. Бұларда сол уақыттағы қазақ қоғамындағы тұрмыс-салттан бастап, әлеуметтік оқиғалар суреттелген. Аймауытов қазақтың ауыз әдебиетін жетік біле тұра көне дәуірді бейнелейтін пьеса жазбаған. Оның пьесаларының барлығында да ез кезеңінің болмысы суреттелген. Және басқа

драматургтердің шығармаларына ұқсамайтын өзіндік ерекшеліктері де айқын. Барлық пьесаларының шымылдығы жеке кейіпкерлерінің психологиялық толғанысынан бастау алады» [4, 287-б.].

Жұсіпбек Аймауытов драматургиясы – қазіргі Тәуелсіз Қазақстанның жана әдебиетіндегі осы байыргы классикалық сөз өнері саласының әлемдік деңгейде жалғаса дамуына да игі ықпал, көркемдік негіз болған рухани құндылық қазынасы. Қазақ сөз өнерінің әлем өркенисті кеңістігіндегі ежелгі дәуірлерден қазіргі заманымызға ұласқан классикалық саласы драматургия жанрларының жанаша дамуында суреткер қаламгердің шеберлік өнегесінің жалғаса берері ақырат. Академик С. С. Қирабаев «Жұсіпбек Аймауытов» (1991) атты II-сыныпқа арналған қосымша оқу құралында драматургтің суреткерлік шеберлігінің психологиялық-поэтикалық сипатын алғаш рет ғылыми бағалаган-ды: «Тартыстың шынайылығы, характерлердің тұтастығы, оны сахна өнерінің занылдығына тұтастыра білу – жазушы шеберлігінің айғағы. ... Кейіпкерлердің сөзі – диалог пен монолог та тартымды келеді, характерлерді жан-жақты ашуға көмектеседі» [5, 34-б.].

Ал, Жұсіпбек Аймауытов, туындыларының көркемдік-естетикалық болмысын іргелі зерттеулерімен зерделеген профессор Р. Тұрысбек суреткердің шығармашылық шеберлігіне тән ерекшеліктерді саралап түйіндейді: «Оның туындыларынан қоғамның қайшылықты қыншылықтары, өмірдегі өзгерістердің артық-кем тұстары кең танылса, негізгі тұлғалар табиғатынан азаттықты аңсау ақыл-парасатқа құштарлық, халықты бақытты болашаққа бастау мұраттары айқын. Әсіресе, адам әлемі, оның енбегі мен іс-эрекеттері, тағдыры мен тұрмысы, дүниетаным иірімдері өмір шындығына суарылған, көркемдік нәрі бедерлі, сюжеттік-композициялық арқауы берік, естетикалық әсері орасан зор екендігі терен танылады» [6, 77-б.].

Корыта айтқанда, қазақ сөз өнерінің проза, драматургия салаларында классикалық әдебиет дәстүріндегі психологиялық талдау, саралау көркемдік-естетикалық тәсілін енгізген, сол арқылы ұлттық әдебиеттің көркемдік сипатына суреткерлік-ойшылдық деңгейге көтерген Жұсіпбек Аймауытов пьесалары – біздің Тәуелсіз Қазақ Елінің мәңгілік құндылық қазынасы.

ӘДЕБИЕТ

- [1] Классикалық зерттеулер: Көп томдышқ. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – Т. 15: К. Жұмалиев, З. Қабдолов, З. Ахметов. Әдебиет теориясы. – 412 б.
- [2] Аймауытов Ж. Шығармалары: Романдар, повестер, әңгімелер, пьесалар. – Алматы: Жазушы, 1989. – 560 б.
- [3] Классикалық зерттеулер: Көп томдышқ. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2002. – Т. 8: Қазақ театртану ғылымы (калыптасу кезеңі). – 376 б.
- [4] Қазақстан Ұлттық энциклопедия. –Алматы: Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 2001.-3-том.-720б.
- [5] Қирабаев С.С. Жұсіпбек Аймауытов. Әдебиет пәні бойынша // 11-сыныпқа арналған қосымша оқу қуралы. – Алматы: Рауан, 1991. – 44 б.
- [6] Тұрысбек Р. Әдеби мұра және руханият мәселелері: Оқу қуралы. – Астана: Күлтегін, 2008. – 440 б.

REFERENCES

- [1] Classical Studies: volume. Almaty: Adebiet alemi, 2013. Vol. 15: K. Dzhumaliyev, Z. Kabdolov, Z. Akhmetov. Theory of Literature. 412 p. (in Kaz.).
- [2] Zh. Aimaulytov's works: novels, novellas, short stories and plays. Almaty: Zhazushy, 1989. 560 p. (in Kaz.).
- [3] Classical research: volume. Almaty: Adebiet alemi, 2002. Vol. 8: Kazakh theater science (history). 376 p. (in Kaz.).
- [4] The National Encyclopedia. Almaty: Kazakh Encyclopedia of the Editorial Board, 2001. Vol. 3. 720 b. (in Kaz.).
- [5] Kirabaev S.S. Zhusupbek Aymauytov. Literature on the subject. 11 grade additional textbooks. Almaty: Rauan, 1991. 44 p. (in Kaz.).
- [6] Turysbek R. Literary heritage and spirituality: Textbook. Astana: Kultegin, 2008. 440 p. (in Kaz.).

СОЦИАЛЬНЫЕ ПРОТИВОРЕЧИЯ В ПЬЕСАХ ЖУСИПБЕКА АЙМАУЫТОВА

Т. С. Тебегенов

Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Алматы, Казахстан

Ключевые слова: слово, искусство, проза, драматургия, литература, ценности.

Аннотация. Пьесы Жусипбека Аймауытова – это вечные ценности независимого казахского народа. Устному творчеству казахов в прозе, драматургии в традициях классической литературы дан психологический анализ, описан изобразительно-естетический образ.

Поступила 27.01.2015г.